

ПИЩЕВАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ КАЗАХСТАНА: СОСТОЯНИЕ, ПРОБЛЕМЫ И ИХ РЕШЕНИЕ

FOOD INDUSTRY OF KAZAKHSTAN: CONDITION, PROBLEMS AND SOLUTIONS

Э.Ф.К.

PhD докторанты

¹Инновациялық Еуразия университеті

²Қырғызстан Халықаралық университеті

К.Э.Н.

докторант PhD

¹Инновационный Евразийский университет

²Международный университет Кыргызстана

C.E.Sc.

PhD student

¹*Innovative University of Eurasia*

²International University of Kyrgyzstan

Аңдатпа. Республикада тамақ өнеркәсібін дамытудың теориялық-әдіснамалық және практикалық тәсілдері зерделенді. Құрылымы қаралып, оның экономиканың барлық салаларымен өзара байланысы анықталды. Осы саланың негізгі көрсеткіштері талданды. Динамикада оң үрдістер байқалуда: экспорттың өсуі, импорттың төмендеуі, ЖІӨ-нің жалпы көлемінде өнім өндіру көлемінің ұлғаюы, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар санының өсуі бекітілген. Сыртқы және ішкі факторларға негізделген негізгі проблемалар анықталған. Бизнесті тарту, ұлттық брендтерді құру және жылжыту, экспорттық стратегияны әзірлеу жолымен отандық өнімнің ішкі нарығын ұлғайту және сыртқы нарығын кеңейту мақсатында тамақ өнеркәсібін дамытуды жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді. Зерттеу қорытындысы бойынша АӨК қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру бойынша шараларды одан әрі жандандыру, техникалық реттеу саласындағы заңнаманың сақталуына бақылау орнату, сондай-ақ экологиялық таза тамақ өнімдерін өндіру үшін мемлекеттік саясатты күшейту қажеттілігі туралы қорытынды жасалды.

Аннотация. Изучены теоретико-методологические и практические подходы к развитию пищевой промышленности в республике. Рассмотрена структура и определена ее взаимосвязь со всеми отраслями экономики. Проанализированы основные показатели данной отрасли. Установлено, что в динамике наблюдаются положительные тенденции: рост экспорта, снижение импорта, увеличение объемов производства продукции в общем объеме ВВП, числа действующих предприятий. Определены основные проблемы, обусловленные внешними и внутренними факторами. Даны предложения по совершенствованию развития пищевой промышленности в целях увеличения внутреннего и расширения внешнего рынка отечественной продукции путем привлечения бизнеса, создания и продвижения национальных брендов, разработки экспортной стратегии. По итогам исследования сделаны выводы о необходимости дальнейшей активизации мер по реализации государственных про-

Abstract. Theoretical, methodological and practical approaches to the development of the food industry in the republic have been studied. The structure is considered and its relationship with all sectors of economy is defined. The main indicators of this industry have been analyzed. It has been determined that positive trends are observed in dynamics: export growth, decline in imports, increase in production volumes in the GDP total volume, the number of operating enterprises. The main problems determined by external and internal factors are identified. Proposals on improvement of the development of the food industry aimed to increase the internal and external market expansion of domestic products by attracting business, creating and promoting national brands, and developing an export strategy are given. Based on the study results the conclusions were done on the need to further intensify measures to implement State programs on support for the AIC, establishing control over compliance with legislation in the field of technical regulation, as well as strengthening public policy for the production of environmentally friendly food products.

Ключевые слова: пищевая промышленность, продукты питания, импорт, экспорт, инновационная активность, экологизация производства, государственная поддержка, потребительский спрос, сырье.

Key words: food industry, food products, import, export, innovation activity, environmental production, public support, consumer demand, raw materials.

Тамақ өнеркәсібінің құрылымы күрделі болып келеді және шамамен 40-қа жуық арнайы мамандандырылған салаларды қамтиды, олар сәйкес ауыл шаруашылық салаларымен бірге агроөнеркәсіптік кешенді (АӨК) қалыптастырады. Тамақ өнеркәсібі экономиканың барлық салаларымен

Ақшалай шаққандағы импорт көлемін қысқарту, бәрінен бұрын, соңғы үш жылда теңгеге қатысы бойынша айтарлықтай

Рынок продовольственной продукции

едәуір қымбаттап кеткен американ валютасы курсы бекуінің жалпы бейнесі бойынша импорттық өнімнің қымбаттауына байланысты болып келеді. Бұл фактор іштей тұтынушы сұранысының біртіндеп қайта бағдарлауына, төмендетіп қосылған бағалы өнімдердің, оның ішінде ТМД елдерінен жеткізілген, отандық өндірілген өнімдердің пайдасына орай шешуші ықпалын тигізіп отыр.


Мақалада жалпы, абстрактіден нақтылыққа, талдау және жинақтау, жүйелі талдау, экономикалық-статистикалық талдау (динамика, құрылымдар), салыстырмалы талдау ғылыми әдістері пайдаланылды.

ҚР-дағы тамақ өнеркәсібінің дамуындағы мәселелерді анықтау үшін, ғылым және тәжірибе көзқарасынан ең танымал талдау әдісі – SWOT-талдау қолданылды.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Тамақ өнеркәсібі ауыл шаруашылығымен тығыз байланысты және төмендегідей іс-әрекеттерді жүзеге асырады [1]:

- ет және ет өнімдерін өндіру, қайта өңдеу мен консервілеу;
- балық және балық өнімдерін қайта өңдеу мен консервілеу;
- жеміс және көкөністерді қайта өңдеу мен консервілеу;
- өсімдік және малдың майын өндіру;
- сүт өнімдерін өндіру;
- ұн ұсақтағыш өнеркәсіп өнімдерін өндіру;
- крахмал және крахмал өнімдерін өндіру;
- жануарлар үшін дайын азық өнімдерін өндіру;
- нан-тоқаш өнімдерін өндіру;
- қант өндіру;
- какао, шоколад және қанттан кондитер өнімдерін өндіру;
- макарон, кеспе және барабар ұн өнімдерін өндіру;
- кофе өнімдерін, балалар тағамын, жасанды бал, дәмдеуіштер, уксус, дрожжи және т.б. өнімдерді өндіру (1 сурет).



1 сурет – Тамақ өнеркәсібінің негізгі салалары

2012-2016 жж. аралығында Қазақстан Республикасының ЖІӨ құрылымындағы тамақ өнеркәсібінің меншікті салмағы 4%-дан аспайтын.

Салыстыру үшін, 2005 ж. оның үлесі 6,4% болатын. Алдын ала деректер бойынша, 2017 ж. 11 айының қорытындысы бойынша ЖІӨ құрылымындағы тамақ

өнеркәсібінің меншікті салмағы 4,9%-ды құрады. 2017 ж. 4 кварталдың басында өңделетін өнеркәсіп салаларының меншікті салмағын бөлу төмендегідей қарастыруға болады: Азық-түлік тағамдарын өндіру – 16,3%, сусындар – 3,3%, темекі өнімдері – 1,2% (1 кесте).

1 кесте – 2012-2016 жж. және 2017 жж., 11 айы, % аралығында ҚР өңделетін өнеркәсіптің жалпы көлемі бойынша тамақ өнеркәсібі салаларының үлестері

Көрсеткіштер	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	11 ай 2017 ж.
Тамақ өнеркәсібі, %	21,0	21,9	23,6	24,2	22,7	20,8
Темекі өнімдерін өндіру, %	1,8	1,9	1,7	1,6	1,5	1,2
Сусындарды өндіру, %	3,3	3,5	3,8	3,9	3,2	3,3
Азық-түлік өнімдерін өндіру, %	15,9	16,6	18,1	18,7	18,1	16,3

Дереккөз: www.stat.gov.kz

2016 ж. бастап, тамақ өнеркәсібі өндірісінің ортақ көлемі 1 808,6 млрд. теңгені (+30%) құрады. Алдын ала берілген

деректер бойынша, 2017 ж. 11 айында тамақ өнеркәсібінің көлемі 1 712 млрд. теңгені (2 кесте) құрады.

Рынок продовольственной продукции

2 кесте - ҚР-да салалық тамақ өнеркәсібі салаларының 2012-2016 жж. және 2017 ж. 11 ай мерзімдегі көлемі

Көрсеткіштер	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	11 ай 2017 ж.
Темекі өнімдерін өндіру, млрд.т	98,7	111,9	104,2	93,5	105,9	95,7
Сусындарды өндіру, млрд.т	181,9	202,5	233,1	216,3	254,3	272,2
Азық-түлік өнімдерін өндіру, млрд.т	865,6	970,1	1 103,5	1 095,0	1 448,4	1344,6


Дереккөз: www.stat.gov.kz

2015 ж. «мұнай дағдарысынан» кейін ҚР-дағы тамақ өнеркәсібінде жалпы кәсіпорындар саны айтарлықтай өзгере қойған жоқ. Сонымен, тамақ өнеркәсібі бойынша кәсіпорындардың қорытынды саны 1776 бірл. (+0,9%), темекі өнеркәсібі бойынша 3 бірл. дейін, ал сусындарды өндіру бойынша кәсіпорындар саны өзгерген жоқ.

2016 ж. азық-түлік өнімдерін өндіру бойынша кәсіпорындар санының 1841 бірл.

(+3,7%) дейін өсуі байқалады. Сол жылы сусындар өндіру бойынша кәсіпорындар жалпы санының 198 бірл. (-3,5%) дейін төмендеуі орын алған.

2015-2016 жж. ҚР-да азық-түлік өнімдерін және сусындар өндіру салалары бойынша қор сыйымдылығы мен қор қайтарымының (2 сурет) нашар көрсеткіштері байқалған.



Дереккөз: www.stat.gov.kz

2 сурет – 2015-2016 жж. ҚР-да тамақ өнеркәсібі бойынша қор сыйымдылығы мен қор қайтарымы

2016 ж. қор қайтарымының коэффициенті: жұмсалған 1 теңгенің капитал салымы = 1,77 теңге табысты құрады. Қор сыйымдылығының коэффициенті: жұмсалған теңгенің капитал салымы = 0,57 теңге табысты құрады.


2014-2016 жж. азық-түлік өнімдерін және сусындарды өндіру салаларында орташа бағаның жоғарылауы байқалады. Бұл өзгерістер ұлттық валюта курсының АҚШ долларына (3 сурет) шаққандағы жыл сайынғы девальвациялық күрт өсуінің нәтижесінде негативті макроэкономикалық салдарымен шартталған болатын.

2013-2016 жж. берілген салада конъюнкторлы факторлардың (темекіге акциз ставкаларының, импорттық өнім көлемінің, темекі өнімдерінің рұқсатсыз айналымы-

ның, ішкі сұраныс жағдайының жыл сайынғы жоғарылауы) әсерінен орташа бағаның төмендеуі анықталған.

Әдеттегідей, Қазақстан Республикасындағы негізгі тамақ өнімдері импорттық көлемінің төмендеуіне тренд жалғасын тауып отыр, бұл отандық өнімдердің артуына пайдасын тигізетіні сөзсіз. Импорт көлемі ақшалай шаққанда, төмендеу жағына қарай оңтайлы көрініс табуда: 2013 ж. 4 619 млн. АҚШ долларынан 2016 ж. 3 081 млн. долларына дейін төмендеген.

2012-2016 жж. бойы тамақ өнімдерін экспорттаудың таза көлемі ақшалай шаққанда тұрақты болды – шамамен 2 млн. АҚШ доллары, ал экспорттың меншікті салмағы жоғарылауға 2016 ж. 5,9% бейім болып келген [2].



Дереккөз: www.stat.gov.kz

3 сурет – Тамақ өнеркәсібіндегі өндірушілердің орташа бағасы, %

ҚР-дағы тамақ өнеркәсібінің қазіргі жағдайына және қосымша дереккөздерге талдау жүргізу SWOT-талдау өткізуге және негізгі мықты және осал жақтарын анықтауға, АӨК-нің берілген саладағы мүмкіндіктері мен қауіптерін анықтауға мүмкіндік берді [3, 4]. Күшті жақтары:

- маңызды табиғи-ресурстық потенциал, тиімді географиялық орналасқандығы;
 - ауыл шаруашылық шикізатының өндіру бойынша едәуір потенциал; жоғары деңгейлі дамыған ғылыми потенциал;
 - дамыған көлік-логистикалық жүйе (жоғары инфрақұрылымдық және көліктік-логистикалық потенциал);
 - іскерлік белсенділіктің жоғары деңгейі, шағын кәсіпкерліктің жоғары даму потенциалы;
 - тұрғындардың жоғары тұтынушылық потенциалы;
 - тамақ өнімдерін өндірудегі кәсіпорындардың жинақталған технологиялық тәжірибесі;
 - адамның тіршілік етуге маңызды физиологиялық сұранысымен анықталған, өндірілген өнімге ұдайы сұраныстың болуы;
- Әлсіз жақтары:
- ✓ негізгі қорлардың тозуы;
 - ✓ Қазақстан Республикасының еуропалық аймақ және импортер-елдердің тұтынушыларынан географиялық шалғайда орналасуына байланысты логистиканың жоғары деңгейлі ұсталым шығыны (издержки);
 - ✓ ауыл шаруашылық шикізатының қажетті сапасының жетіспеушілігі салдарынан өндіріс үшін жоғары деңгейлі ұсталым шығыны (издержек);

✓ азық-түлік өнімдеріне тұрақты сапа кепілдігінің болмауы, сапаның (ИСО) халықаралық стандарты және азық-түлік өнімдерінің басқару жүйесін енгізудің жеткіліксіз деңгейі;

✓ өндіріс кезінде экологиялық талаптарды орындамау, технологиялық үрдістер барысында шығатын жарамсыз қалдықтарды тастау және суды тарату, суды жоғары деңгейде ысырап етіп пайдалану;

✓ экологиялық таза және табиғи ретінде қазақстандық өнімнің оңтайлы имиджінің жеткіліксіз дәрежесі;

✓ тамақ өнеркәсібі кәсіпорнының инновациялық белсенділігінің жеткіліксіз болуы;

✓ білікті кадрлардың тапшылығы, оның ішінде орта буында, олар өндіріске инновациялық технологияны енгізу мүмкіндігін шектейді [5].

Мүмкіндіктер:

– жаңа өндірістерді қалыптастыру және дамыту;

– көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту;

– ҚР-ның азық-түлік қауіпсіздігі Доктринасын жүзеге асыру салдары арқылы агроөнеркәсіптік өндіріс дамуының потенциалын күшейту;

– ауыл шаруашылық шикізат өндірісін ұлғайту;

– азық-түлік өнімдерін өндіру саласында шағын кәсіпкерлік үлесін күшейту;

– облыс тұрғындарының қаржылық кірістері өсуіне байланысты өндірілетін өнімге сұранысты арттыру; дүниежүзілік нарықта сауда-саттық сұранысының өсуі [6];

– жаңа технологияларды енгізу және жаңа өнім түрлерін шығаруды меңгеру;
– технологиялық үрдістің тиімділігі талаптарына жауап беретін жаңа заманауи инновациялық технологияларды пайдалану арқылы өндірісті жаңғырту (модернизациялау);

– алдыңғы қатарлы шетел тәжірибесін есепке ала отырып, техникалық сақтау қорының құрылымын қайта қарау (ре-структуризациясы) [7].

Қауіптер және тәуекелдер:

► дүниежүзілік экономикалық дағдарыс;
► қолда бар нарықтарда сауда-сат-тықты іске асырудағы азық-түлік тағам-дарына сұраныстың жеткіліксіз болуы; сатып алушы қабілетінің төмендеуі;

► тамақ өңдемейтін тамақ кәсіпорын-дарының импорттық жабдықтарға тәуел-ділігінің артуы;

► шикізат құнының жоғарылауы және табиғи монополиялардың қызметі;

► көрші аймақтардың, Кедендік Одақ елдерінің және ДСҰ-ға қатысушы-елдер өндірістерінің тарапынан бәсекелестіктің жоғары болуы [6].

ҚР-да тамақ өнеркәсібі Аграрлық кешенмен тығыз байланысты болғандықтан, АӨК-дегі секілді, толықтай, мемлекеттің белсенді түрде араласуы мен мемлекеттік қолдау көрсетуі қажет [8]:

1. ҚР-ның Инвестиция және даму министрлігімен инвестициялық климатты жақсарту үшін 2018-2022 жж. арналған «Ұлттық инвестициялық стратегия» бекітілген болатын. ҚР Президентінің тапсырмасына сәйкес, Стратегияда Қазақстан экономикасының шикізаттық емес секторларына шетел инвестициясын тарту қажеттілігіне, сонымен қатар олардың экспорттық әлеуетін арттыруға баса назар аударылды. Стратегияға сәйкес, 2022 ж. жуық экономиканың шикізаттық емес секторының (мемлекеттік бюджеттен тыс) негізгі капиталына 1,46 есе инвестиция көлемін салу, ал экономиканың шикізаттық емес секторының негізгі капиталға салынатын инвестиция көлемін 1,5 есе ұлғайту жоспарланып отыр.

2. 2017-2020 жж. арналған «Цифрлы Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасы аясында Қазақстанға үшінші елдерден жеткізілетін, сондай-ақ басқа ЕАЭБ ЕАЭО мемлекеттеріне елден шығарылатын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін бақылау үшін цифрлы технологияны енгізу міндеті тұр.

3. 2016 ж. ««Даму» ҚРП» АҚ арқылы тамақ өнеркәсібі бойынша жаңа жобаларды 122,9 млрд. теңге сомасында қаржыландыру жүзеге асырылған. 2014-2016

жж. «Даму» Қоры арқылы қаржыландырудың меншікті салмағы өңдеу өнеркәсібіне берілген несиелердің жалпы көлемі 16%-25%-ға дейінгі немесе ақшалай саналатын болса, 234 млрд. теңгеден 374 млрд. теңгеге дейінгі көлемді қамтыды.

2016 ж. ЕДБ азық-түлік өнімдерін, сусындар және темекі өнімдерін өндірушілерге жалпы сомасы 375 млрд. теңгені құрайтын займ берген. 2017 ж. қараша айы бойынша тамақ өнеркәсібіне берілген займның сомасы 328 млрд. теңгені құрап отыр.

Тамақ өнеркәсібін қаржыландырудың басым көзі инвесторлардың меншікті (70%-нан жоғары) қаржылары, содан кейін – ЕДБ (30%-ға дейін) займдары болып табылады.

4. ҚР 2017-2021 жж. агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға арналған Мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде бәсекеге қабілетті экспортқа бағдарланған өнімді шығару үшін заманауи жабдықталған тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарын модернизациялау мен құрылысы үшін жұмсалатын инвестициялық шығындарды субсидиялау жалғастырылады. Өндірістің нақты көлемін есепке алғандағы талаптары қайта қарастырылып, алғашқы салымдары мен нормативтері төмендетіледі, нормативтері дифференциацияланады, сонымен қатар кооперативтерге бірлестіктер арқылы субсидия алу мүмкіндігі ұсынылатын болады.

5. 2016 ж. бизнесті дамыту мен қолдаудың «Бизнестің 2020 ж. жол картасы» бірыңғай бағдарламасы шеңберінде тамақ өнеркәсібінің 521 жобасы 113,6 млрд. теңге сомаға қаржыландырылған.

Сондай-ақ, азық-түлік өнімдерін өндіруде мәселелерді шешуге қажеттілер:

– қосылған құны жоғары азық-түлік өнімдерін өндіру бойынша шетел инвесторларын тарту және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру;

– сауда-логистикалық инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде көтерме-бөлшек орталықтарды салу;

– экспорттық стратегияны әзірлеу;

– тамақтану мәдениетін қалыптастыру, оның ішінде балансталған салауатты тамақтануды насихаттау арқылы және олардың нақты және жаңа дайындалған азық-түлікті пайдалануын қамтамасыз ету;

– ұлттық брендтерді қалыптастыру және алға дамыту;

– F3TKӨ-ге бизнесті тарту [9].

Тұжырымдар. 1. Жаһандық бәсекелестік дамуы аясында, тамақ өнеркәсібін мемлекеттік қолдау бойынша механизмді әзірлеу керек, сонымен қатар экологиялық таза азық-түлік өнімін өндіру, және қоршаған ортаға техногенді әсер етуін

төмендету мақсатымен тамақ өнеркәсібі мен салаларды экологияландырудың өндірістік тәсілдерін дайындау қажет [10].

2. Сонымен, жоғарыда аталған шараларды жүзеге асыру Қазақстан Республикасында тұрғындардың қалыпты өмір сүру қауіпсіздігін, олардың денсаулықтарын сақтау және қайта қалпына келтіру үшін, ауыл шаруашылық өнімдерін жетілдіру, ел өнеркәсібінің базалық салаларын әлеуметтік қайта қарастыру, мемлекеттік бюджетті қаржымен толықтыру үшін ауқымды тамақ өнеркәсібін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1 Магомедов М.Д., Заздравных А.В., Афанасьева Г.А. Экономика пищевой промышленности: учебник.- М.: Дашков и К, 2014. - 232 с.

2 Обзор пищевой промышленности РК по итогам 11 месяцев 2017 года.- Алматы: RFCA Ratings, 2018.- 17 с. [Электронный ресурс]. -2017.- URL: [http:// www.rfcaratings.kz](http://www.rfcaratings.kz). (дата обращения: 22.02.18).

3 Беляева С.А. Анализ внешних факторов и конкурентных сил пищевой промышленности России С.А. Беляева // Известия Саратовского университета. Серия: Экономика. Управление. Право.-2013.-Вып.1.-С.47-51.

4 Анопченко Т.Ю., А.И. Новицкая. Динамика и тенденции развития пищевой промышленности в России // Journal of Economic Regulation. - 2015. - Т. 6.- №1. - С. 20-27.

5 К.А.Кидрасинова, Қ.Т.Әуезова, Г.К. Джолдасбекова Қазақстанның аграрлық секторын дамытудың өзекті мәселелері // Проблемы агорынка. -2018. - №2. – С.14-19.

6 Невматулина З.А. Развитие агропромышленного комплекса в условиях единого экономического пространства // Экономика и менеджмент систем управления. – Воронеж: Научная книга.- 2014.-№14. – С.193-202.

7 Бекетова О.Н. Оценка качества экономического роста и происходящих процессов реструктуризации предприятий пищевой промышленности // Региональная экономика: теория и практика. - 2013. - № 6. - С. 15-24.

8 З.А.Арынова, Л.К.Кайдарова Аграрлық секторды мемлекеттік қолдаудың мемлекеттік реттеудің элементі ретінде қажеттілігі және рөлі // Аграрлық проблемалары. -2017 - №1. – Б.71-78.

9 Указ Президента Республики Казахстан от 1 августа 2014 года № 874 «Об утверждении Государственной программы индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015-2019годы.- [Электронный ресурс]. - 2014.-URL:http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31588425 (дата обращения: 20.11.18).

10 Пахомчик С.А., Фефелов В.В. Производство экологически чистой продукции как

средство повышения степени конкурентоспособности в малых формах хозяйствования // Материалы IV-ой межд. науч.-практ. конф. молодых учёных «Научно-практические основы устойчивого ведения аграрного производства».- Волгоград: Волгоградский государственный аграрный унив-т, 2015.- С. 131-134.

Әдебиеттер тізімі

1 Magomedov M.D., Zazdravnyh A.V., Afanas'eva G.A. Jekonomika pishhevoj promyshlennosti: uchebnik.- M.: Dashkov i K, 2014. - 232 s.

2 Obzor pishhevoj promyshlennosti RK po itogam 11 mesjacev 2017 goda.- Алматы: RFCA Ratings, 2018.- 17 s. [Jelektronnyj resurs]. - 2017.- URL: [http:// www.rfcaratings.kz](http://www.rfcaratings.kz). (data obrashhenija: 22.02.18).

3 Beljaeva S.A. Analiz vneshnih faktorov i konkurentnyh sil pishhevoj promyshlennosti Rossii S. A. Beljaeva // Izvestija Saratovskogo universiteta. Serija: Jekonomika. Upravlenie. Pravo. - 2013. - Vyp. 1. - S. 47-51.

4 Anopchenko T.Ju., A.I. Novickaja. Dinamika i tendencii razvitija pishhevoj promyshlennosti v Rossii // Journal of Economic Regulation. - 2015. - Т. 6.- №1. - S. 20-27.

5 K.A.Kidrasinova, Қ.Т.Әуезова, Г.К. Dzholdasbekova Қазақстанның аграрлық секторын дамытудың өзекті мәселелері // Problemy agrorynka. -2018. - №2. – С.14-19.

6 Nevmatulina Z.A. Razvitie agropromyshlennogo kompleksa v uslovijah edinogo jekonomicheskogo prostranstva // Jekonomika i menedzhment sistem upravlenija. – Voronezh: Nauchnaja kniga.- 2014.-№14. – С.193-202.

7 Beketova O.N. Ocenka kachestva jekonomicheskogo rosta i proishodjashhih processov restrukturizacii predpriyatij pishhevoj promyshlennosti // Regional'naja jekonomika: teorija i praktika. - 2013. - № 6. - S. 15-24.

8 Z.A.Arynova, L.K.Kajdarova Аграрлық секторды мемлекеттік қолдаудың мемлекеттік реттеудің елементи ретінде қажеттілігі және рөлі // Аграрлық проблемалары. -2017 - №1. – Б.71-78.

9 Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 1 avgusta 2014 goda № 874 «Ob utverzhdenii Gosudarstvennoj programmy industrial'no-innovacionnogo razvitija Respubliki Kazahstan na 2015-2019gody.- [Jelektronnyj resurs].- 2014.- URL: [http:// online.zakon.kz/Document/?doc_id=31588425](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31588425) (data obrashhenija 20.11.18).

10 Pahomchik S.A., Fefelov V.V. Proizvodstvo jekologicheskij chistoj produkcii kak sredstvo povyshenija stepeni konkurentosposobnosti v malyh formah hozjajstvovaniya // Materialy IV-oj mezhd. nauch.-prakt. konf. molodyh uchënyh «Nauchno-prakticheskie osnovy ustojchivogo vedenija agrarnogo proizvodstva».- Volgograd: Volgogradskij gosudarstvennyj agrarnyj univ-t, 2015.-S. 131-134.